
 <p>НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ</p>	«QazaqGaz» ҰК» АҚ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 1 Сәйк. коды: П-21-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-да және еншілес және тәуелді ұйымдарында адам құқықтарын қорғау жөніндегі саясат	9 беттің 1-ші беті

**«QazaqGaz» ҰК» АҚ  
Басқармасының  
2023 жылғы 28 тамыз  
№ 24 шешімімен бекітілген**

**«QAZAQGAZ» ҰК» АҚ-да  
ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРЫНДА АДАМ  
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ САЯСАТ**

\_\_\_ дана


Астана қ. 2023 ж.

 <p>«QAZAQGAZ» ҰК» АҚ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ Интеграцияланған менеджмент жүйесі</p>		
Редакция: № 1 Сәйк. коды: П-21-23	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-да және еншілес және тәуелді ұйымдарында адам құқықтарын қорғау жөніндегі саясат	9 беттің 2-ші беті

### **Алғы сөз**


**Енгізілді:** бірінші рет.

**Қайта қарау күні:** 2028 жыл.

	<p align="center">«QazaqGaz» ҰК» АҚ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ Интеграцияланған менеджмент жүйесі</p>	
<p>Редакция: № 1 Сәйк. коды: П-21-23</p>	<p align="center">«QazaqGaz» ҰК» АҚ-да және еншілес және тәуелді ұйымдарында адам құқықтарын қорғау жөніндегі саясат</p>	<p align="center">9 беттің 3-ші беті</p>

## Мазмұны

1. Тағайындау және қолдану аясы .....	4
2. Нормативтік сілтемелер .....	<b>Ошибка! Закладка не определена.</b>
3. Терминдер және анықтамалар .....	<b>Ошибка! Закладка не определена.</b>
4. Қысқартулар мен белгілеулер.....	5
5. Жауапкершілік және өкілеттіктер.....	<b>Ошибка! Закладка не определена.</b>
6. Саясатты іске асыру үшін негізгі қағидаттар мен тәсілдер.....	<b>Ошибка! Закладка не определена.</b>
7. Жазбалар .....	<b>Ошибка! Закладка не определена.</b>
8. Қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату...	<b>Ошибка! Закладка не определена.</b>
Өзгерістерді тіркеу парағы .....	8
Танысу парағы .....	9

	<p align="center">«QazaqGaz» ҰК» АҚ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ Интеграцияланған менеджмент жүйесі</p>	
<p>Редакция: № 1 Сәйк. коды: П-21-23</p>	<p align="center">«QazaqGaz» ҰК» АҚ-да және еншілес және тәуелді ұйымдарында адам құқықтарын қорғау жөніндегі саясат</p>	<p align="center">9 беттің 4-ші беті</p>

## 1. Тағайындалуы мен қолдану аясы

1.1. Осы «QazaqGaz» ҰК» АҚ-да (бұдан әрі – Қоғам) және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында (бұдан әрі – ЕТҰ немесе Компаниялар тобы деп бірлесіп аталатындар) адам құқықтарын қорғау жөніндегі саясат адам құқықтарын сақтау жөніндегі жалпыға бірдей танылған заңдар мен қағидаттарға негізделген.

1.2. Қоғам Басқармасы БҰҰ-ның Адам құқықтары аспектісіндегі кәсіпкерлік қызметтің басқарушылық қағидаттарына (2011 ж.), Көпұлтты кәсіпорындар үшін ЭЫДҰ-ның басқарушылық қағидаттарына (2011 ж.), Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына (1948 ж.), Халықаралық еңбек ұйымының еңбек саласындағы негіз қалаушы қағидаттар мен құқықтар туралы декларациясына (1998 ж.) сәйкес ол жұмыскер немесе үшінші тұлға болса да олар өзара іс-қимыл жасайтын барлық адамдар үшін адам құқықтарының сақталуы үшін жауапкершілікті өзіне алады.

1.3. Қоғам адам құқықтарын сақтайды. Адам құқықтарын сақтау Қоғам мен Компаниялар тобының тұрақты дамуының негізгі элементі болып табылады. Қоғам адам құқықтарын сақтау саласындағы ықтимал теріс салдарларды анықтау, алдын алу және азайту үшін жұмыс істейді.

1.4. Бұл Саясат Қоғам мен Компаниялар тобының қызметіне байланысты адам құқықтарының ықтимал бұзылуын анықтау, алдын алу және қадағалау үшін ең төменгі талаптарды белгілеуге арналған.

1.5. Осы жоғары деңгейдегі Саясаттың мақсаты адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз етудің мақсатын, бағытын, қағидаттары мен негізгі қағидаларын айқындау болып табылады.

1.6. Саясат ережелерін Қоғамның және Компаниялар тобының барлық жұмыскерлері орындауға міндетті.


1.7. Осы Саясаттағы «Сіз», «біз», «біздің» немесе «бәріміздің» деп жүгіну Қоғамның және Компаниялар тобының барлық жұмыскерлеріне жүгінуді білдіреді.

## 2. Нормативтік сілтемелер

Саясатта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

- 2011 жыл - БҰҰ-ның Адам құқықтары аспектісіндегі кәсіпкерлік қызметтің басқарушылық қағидаттары;
- 2011 жыл - Көпұлтты кәсіпорындар үшін ЭЫДҰ-ның басшылық қағидаттары;
- 1948 жыл - Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы;
- 1998 жыл - Халықаралық еңбек ұйымының еңбек саласындағы негізін қалаушы қағидаттар мен құқықтар туралы декларациясы;  
«QazaqGaz» ҰК» АҚ Іскерлік этика кодексі;
- ДП-01 - «QazaqGaz» ҰК» АҚ Ішкі регламенттеуші құжаттарын әзірлеуге, ресімдеуге және жазуға қойылатын жалпы талаптар;
- ДП-02 - Құжаттаманы басқару;
- ДП-03 - Жазбаларды басқару.

## 3. Терминдер мен анықтамалар

	<p align="center">«QazaqGaz» ҰК» АҚ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ Интеграцияланған менеджмент жүйесі</p>	
<p>Редакция: № 1 Сәйк. коды: П-21-23</p>	<p align="center">«QazaqGaz» ҰК» АҚ-да және еншілес және тәуелді ұйымдарында адам құқықтарын қорғау жөніндегі саясат</p>	<p align="center">9 беттің 5-ші беті</p>

3.1. Осы Саясатта 1-кестеге сәйкес терминдер мен оларға сәйкес анықтамалар қолданылады.

1-кесте. Терминдер мен анықтамалар

Терминдер	Анықтамалар
Теңдік	Барлық жұмыскерлер үшін ілеспелі және жүйелі әділ және мүлтіксіз жүгінуді қамтамасыз етудің адалдығы

### 3. Қысқартулар мен белгілеулер

4.1. Осы Саясатта 2-кестеге сәйкес мынадай белгілеулер мен қысқартулар қолданылған:

2-кесте. Қысқартулар мен белгілеулер

№ р/р	Белгілеулер мен қысқартулар	Келтірілген қысқартулар мен белгілеулердің толық жазылуы
1.	Қоғам	«QazaqGaz» ҰК» акционерлік қоғамы
2.	ІНҚ	Ішкі нормативтік құжаттар
3.	ИМЖ ЖҚБ	Функционалына ИМЖ кіретін жауапты құрылымдық бөлімше
4.	АРБЖЕТД	Функционалына адам ресурстарын басқару кіретін жауапты құрылымдық бөлімше

### 5. Жауапкершілік және өкілеттіктер

5.1. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы осы Саясатты іске асыру үшін барлық қажетті ресурстарды беруге жауапты.

5.2. Қоғам мен Компаниялар тобының басшылары мен жұмыскерлері адам құқықтарын сақтау жөніндегі өз міндеттерін сөзсіз толық орындауға жауапты.

5.3. Осы Саясатта көрсетілген Қоғамның міндеттемелері адам құқықтарын қорғау саласындағы мақсаттарды белгілеу үшін негіз болып табылады, Қоғам және Компаниялар тобының жұмыскерлеріне, мердігер ұйымдарға қолданылады және Қоғамның серіктестермен іскерлік қатынастар жүйесіне енгізіледі.

5.4. ҚР-01 «Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының мазмұнына, жазылуына және ресімделуіне қойылатын жалпы талаптар» құжатталған рәсімінің талаптарына сәйкес осы Саясатты әзірлеуге АРБЖЕТД жауапты болады.

5.5. Осы Саясатты басқару үшін ҚР-02 «Құжаттаманы басқару» құжатталған рәсімінің талаптарына сәйкес ИМЖ ЖҚБ жауапты болады.


### 6. Саясатты іске асыру үшін негізгі қағидаттар мен тәсілдер

6.1. Саясат мынадай қағидаттарға негізделген:

*Адам құқықтарын құрметтеу:* Қоғам адамның негізгі құқықтарын құрметтеу мен сақтаудың маңыздылығын мойындайды.

Қоғам Қазақстан Республикасының Конституциясында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында жазылған адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеді.

*Әртүрліліктің құндылығы:* біз жұмыс істейтін адамдардың әртүрлілігін және олардың Қоғам қызметіне қосқан үлесін бағалаймыз. Кемсітушілік пен қудалауға тең мүмкіндіктер мен төзбеушілікті қамтамасыз ету қағидаты Қоғам мен компаниялар тобы

	<p align="center">«QazaqGaz» ҰК» АҚ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ Интеграцияланған менеджмент жүйесі</p>	
<p>Редакция: № 1 Сәйк. коды: П-21-23</p>	<p align="center">«QazaqGaz» ҰК» АҚ-да және еншілес және тәуелді ұйымдарында адам құқықтарын қорғау жөніндегі саясат</p>	<p align="center">9 беттің 6-ші беті</p>

қызметінің барлық деңгейлерінде енгізіледі. Біз нәсіліне, жынысына, түсіне, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне және жағдайына, дініне, жасына, мүгедектігіне, отбасылық жағдайына немесе кез келген басқа мәртебесіне байланысты кемсітушілік пен қудалауға жол берілмейтін жұмыс орындарын қолдауға тырысамыз.

*Адам құқықтары туралы хабардар болу:* ішкі және сыртқы мүдделі тараптардың адам құқықтарының негізгі қағидаттары туралы хабардар болуын арттыру. Қоғам адам құқықтарын қорғау жөніндегі саясатты барлық мүдделі тараптардың назарына жеткізуге міндеттенеді.

*Жұмыскерлердің құқықтары:* Қоғам өз қызметін жүргізетін барлық өңірлерде өз жұмыскерлері үшін қауіпсіз және салауатты жұмыс ортасын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Қоғам денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы ең жоғары стандарттар мен рәсімдерді енгізетін болады. Қоғам, Қоғамның қызметін жүзеге асыратын барлық өңірлеріндегі өз жұмыскерлеріне өздерінің негізгі қажеттіліктері мен отбасыларының қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін лайықты сыйақы беруге ұмтылады.

*Кері байланысқа ашықтық:* мүдделі тараптарға кез келген проблемалар немесе алаңдаушылықтар туралы біржақты көзқарастан немесе қудалаудан қорықпай жасырын түрде хабарлауға мүмкіндік беретін кешенді кері байланыс механизмдерін құру және қолдау.

*Бұзушылықтарға ден қою:* Қоғамның әрбір жұмыскері тікелей басшыға, корпоративтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам ресурстарын басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшелердің өкілдеріне бастамашылықпен ақпараттандыру желісі («қауырт желі») арқылы, Қоғамды бастамашылықпен ақпараттандыру қағидаларына немесе «Нысана» Колл-орталығын бастамашылықпен ақпараттандырудың «Қауырт желісіне» сәйкес хабарлай алады не Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті органдарына жүгіне алады.

*Бірлестіктер бостандығы:* Қоғам жұмыскерлердің бірлестіктер бостандығына және ұжымдық шарттар жасасу құқықтарын қатаң сақтайды. Компаниялар тобы шеңберінде кәсіподақтар жұмыс істейді, жұмыскерлермен ұжымдық шарттар жасалады.

6.2. Қоғам, Қоғам өзара әрекеттесетін және мынадай міндеттемелерді қабылдайтын барлық адамдардың құқықтарын сақтауға және қорғауға ықпал етуге тырысады:

- адам құқықтарының сақталуына мониторингті жүзеге асыру және адам құқықтарын қозғайтын Қоғамның әсері туралы есеп беру;
- мүдделі тараптарға (оның ішінде персонал мен өнім берушілерге) саясатты коммуникациялау;
- адам құқықтарын сақтауға және қорғауға бағытталған бағдарламаларды іске асыру;
- келтірілген залалды өтеу.


## **7. Жазбалар**

7.1. Осы Саясатта ҚР-03 «Жазбаларды басқару» құжатталған рәсімінің талаптарына сәйкес басқарылуы тиіс жазбалар жоқ.

## **8. Қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату**

8.1. Саясат қажеттілігіне қарай қайта қаралады, бірақ Қоғам Басқармасы кем дегенде үш жылда бір рет, оны өзектілігі мен қолданылатын стандарттар мен практикаларға сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

8.2. Осы Саясатты қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату ҚР-02 «Құжаттаманы басқару» құжатталған рәсімінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

 <p>QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p>«QazaqGaz» ҰК» АҚ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ Интеграцияланған менеджмент жүйесі</p>	
<p>Редакция: № 1 Сәйк. коды: П-21-23</p>	<p>«QazaqGaz» ҰК» АҚ-да және еншілес және тәуелді ұйымдарында адам құқықтарын қорғау жөніндегі саясат</p>	<p>9 беттің 7-ші беті</p>

8.3. Осы құжатталған рәсімнің «Түпнұсқасы» қағаз түрінде ресімделеді және Қоғамның ИМЖ ЖҚБ-сында сақталады.

8.4. Осы құжатталған рәсімнің сканерленген нұсқасы Қоғамның интернет-порталында орналастырылады





